

Мерк Елизавета

+ 35 1
+ 28

635

11-сынып

Оқылым. 50 балл

Lip reading немесе speech reading – ерін, ауыз қимылы арқылы спикердің сөзін оқу. Әлеуметтік желіге шолу жасап байқағанымызда, желі қолданушыларын жұлдыздардың бір-біріне не сыбырлайтыны қызықтырады. Сондай-ақ қазір саясаткерлердің әңгімелерін «оқыған» видеолар да танымалдыққа ие болды. Мысалы, Джо Байден мен Барак Обаманың диалогы.

Кейбір шетелдік БАҚ-тарда ерін арқылы оқитын мамандар жұмыс істейді. Олар саясаткерлердің дауыстамай не айтқанын, спорт додаларында спортшылардың не деп жатқанына болжам жасап ақпарат береді. Бейресми мәліметтерде АҚШ-та мұндай мамандардың жылдық табысы теңгемен 24 миллион. Қазақстанда әзірге ауыз қимылы арқылы оқитын мамандар жоқ.

Алғаш рет мұндай әдіс XIX ғасырдың ортасында сурдопедагогика саласында қолданылды. Сурдопедагогика саласындағы мамандар оқыту әдістерін есту қабілеті төмен адамдардың ерінді оқып, өзгелердің айтқанын естімесе де жақсырақ түсінуіне мүмкіндік беретіндей етіп бейімдеуге тырысты. Осы тұста бұл техниканы меңгерген адамның сурдоаудармашыдан қандай айырмашылығы бар деген сұрақ туындауы мүмкін. Екеуі екі түрлі әдіс. Ауыз қимылын оқу сөйлеп тұрған адамның ерні, тілі мен мимикасының қозғалысына қарап, оның не айтып жатқанын түсінуге негізделеді. Ауыз қимылын оқу маманы дыбыстардың қалай қалыптасатынын үйрене келіп, сөздерді визуалды түрде «оқиды». Ал сурдоаудармашылар, керісінше, айтылғанды ым тіліне аударады, оның өзіндік грамматикалық және синтаксистік ережелері бар. Ым тілі – жай ғана қимылдар жиынтығы емес, толыққанды визуалды тіл. Ол мағыналарды, эмоцияларды және интонацияларды дәл жеткізу үшін қолдың қозғалысы, бет қимылын қамтиды.

Спорт және ойын-сауық индустриясында да бұл мамандар керек болатын кездер болады екен. Қарсыластар ойыншылар мен жаттықтырушылардың ерін қимылдарынан сөздерді оқып, қандай тактика қолданбақшы деген болжамдар жасалады. Осылайша, ауыз қимылын оқу мамандары ақпаратқа қолжетімділік пен коммуникацияны қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

А Дегенмен қазір ауыз, ерін қимылын оқу мамандарын дайындауға арналған арнайы оқу бағдарламалары жоқ, бірақ қажетті дағдыларды дамытуға көмектесетін бірнеше бағыт бар. Мәселен, лингвистика мен фонетика. Себебі дыбыс артикуляциясының және сөйлеуді қалыптастырудың негіздерін түсіну ауыз қимылын оқуда шешуші рөл атқарады.

Ауыз қимылын оқу өнерінің болашағы, технологияның даму қарқынымен тығыз байланысты. Қазір lip reading жаңалық шығар. Ал болашақта жаһандық оқиғалар, саясат, бәсеке, ақпарат таратудағы жылдамдыққа талас ауыз қимылы арқылы оқудың қажеттілігін арттыруы мүмкін.

Оқылым тапсырмалары.

0. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз.

(10 балл) Ретпен: Б, Ә, А, В.

- А) Ауыз қимылын оқу мамандығының болашағы қандай?
- Ә) Ым тілі қандай тіл?
- Б) Елімізде ауыз қимылы мамандарын дайындай ма?
- В) Ауыз қимылын оқуда қандай дағдыларды меңгеру қажет?

2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзіңізбен жауап жазыңыз. (10 балл) /58

3. Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз. (10 балл) /58

4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз. (10 балл) /8

5. Мәтінге тақырып қойыңыз. (10 балл) /0

4. Спорт және ойын-сауық индустриясында да бұл мамандар керек болатын кездер болады екен.

3. Алғаш рет мұндай әдіс XIX ғасырдың ортасында сурдопедагогика саласында қолданылды. Сурдопедагогика саласындағы мамандар оқыту әдістерін есту қабілеті төмен беретіндей етіп бейімдеуге тырысты.

24

24

24-10-36

А) Дегенмен қазір ауыз, ерін қимылын оқу мамандарын дайындауға арналған арнайы оқу бағдарламалары жоқ бірақ _____ қасиетті дағдыларды дамытуға көмектесетін бірнеше бағыт бар.

Д) Үш тіл - шай танау қимылдар ісмынағы елес, тапқықанды визуалды тіл. ✕

В) Ал бешашақта исарандық оқиташар саксат, бәсеке, ақпарат таратудығы ісмындамдықыға ташас ауыз қимылы арқылы оқудың қасиеттілігін арттыруы мүмкін. —

Б) Қазақстанда әзірге ауыз қимылы арқылы оқитын мамандар жоқ ✕

Жазылым. 50 балл
Аргументті эссе тақырыптары

1. Адамзат баласы құндылыққа мүдделі әрі мұқтаж ба?
2. Жастар арасында жаргон, сленг сөздердің жиі қолданылуының себебі неде?
3. Жасанды интеллектің пайдасы мен зияны

Критерийлер:

- Эссе құрылымының сақталуы (10 балл) / 7,5
- Оқушының ұстанымы, ұсынылған тезистер бойынша ұсыныс жасауы (10 / 8 балл)
- Қарсы аргументтер, қолдайтын аргументтер келтіру (10 балл); / 5
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (10 балл); / 8
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (10 балл). / 7

Эссе

Жасанды интеллектің пайдасы мен зияны

Жасанды интеллект - қазіргі заманның ең маңызды технологиялық ісестіктерінің бірі. Ол біздің өміріміздің әртүрлі салаларында, соның ішінде медицина, бейім, өнеркәсіп, қарсы іс-шараларды жүргізу туралы кеңінен қолданылады. Жасанды интеллектің пайдасы мен зияны туралы пікірталас бүгінгі күні өте өзекті. Жасанды интеллектің ең үлкен пайдасы - бұл тиімділікті арттыру. Мысалы өндірісте роботтар іс-шараларды істей отырып, өнімділікті арттырады, адам күшін үндейді. Медицина саласында да үлкен рөл атқарады. Ол диагноз қою, аурудың белгілерін және емдік әдістерін істейтін кезінде көмектеседі. Мысалы жасанды интеллектің алгоритмдері рентген суреттерін талдап отырып, ауруды ерте кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл науқастардың өмірін сақтап қалуға көмектеседі.

Жасанды интеллектің пайдасы мен зияны арасында теңгерім табу - қазіргі заманның басты міндеттерінің бірі. Жасанды интеллектің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін, біз оның этикалық, жеке және экономикалық аспектілерін ескеріміз қажет. Тек осылайша, біз жасанды интеллектің пайдасын максималды түрде пайдаланып, зиянын минимизациялай аламыз.